



ТҮЙТКІА

Қазір қарап отырсақ, заман алға жылжығалы қолда бар қазақы құндылықтардан айырылып бар жатқан секілдіміз. Өркениеттің әрбір жаңалығын қуана қабылдап, керісінше өз құндылықтарымыздан мақұрым қалып жатқанымыз жасырын емес. Біз жоғалтып жатқан құндылықтың бірі – жеңге.

Жеңге деген кім? Ол – ағаның сүйіп қосылған жары, шаңырақтың тірегі, ата-ененің камқоршысы, қайнысы мен қайын сіңлілердің сырласы. Олардың атын атамай, еркелетіп «Төрем», «Сырғалым» деп ат қойып, олармен құрдасындай қалжыңдасатын да жеңге болатын. Қайын жұрттағы жалғыз жүрген жастардың жұбын тауып, басының екеу болуына себепкер болатын да осы жеңге еді. Жеңгесінің жәрдемімен бас қосқан жастар қаншама? Ағайынның арасын жақындататын, шаңырақтың құтын кіргізіп, мейманасын тасытатын да осы жеңгелер еді.

Қай қаламгердің шығармасын оқысаң да, бұрын жеңге туралы жазғанда оның таза да тұнық табиғатын ашыңқырап, көсілкіреп, сәулендіріп, ізгілендіріп жіберетін. Жеңге болу бір мақтаныш сезімін тудыратын. Талай кейіпкердің жастай жетім қалғанда жеңгесінің камқорлығының арқасында өсіп-өнгенін осы шығармалардан оқыдық. Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Камзин де бізбен әңгімесінде өзінің әке-шешеден жастай жетім қалып, жеңгелерінің тәрбиесін көргенін айтып берді.

«Жақын ағаларым, жақсы жеңгелерім болды. Ол кездің жеңгелері қайнысының атын атамайтын. Әрқайсына мінезі мен табиғатына қарап, жеке-жеке ат қоятын. Разия, Нұрбану деген жеңгелерім маған «Мырзажігіт», «Сарыбала» деген ат қойды. Жас кезде «олай атамандар» деп бұлқан-талқан болушы едім. Қазір қарап отырсам, соның бәрі өнеге екен.

Жеңгем біздің үйге келін болып түскенде кішкентай бала едім. Мойынағашпен су алып келе жататын. Сонда мен алыста келе жатсам да, алдымнан кесекөзден өтпей күтіп тұратын. Ол кездің дәстүрі, тәрбие-өнегесі сондай еді.

Ата-анам ерте қайтыс болды. Содан болар, жеңгелерім мені қатты еркелететін. Үйлеріне барғанда, тамақтың дәмдісін алдыма қояты. Олар мені анам сияқты тәрбиелеп, өсірді. Кейін үйленген кезімде келінді сол жеңгелерімнің үйіне түсірдім. Келін әкелгеніме олар қатты қуанды. Оларға деген құрметім шексіз» дейді аға буын өкілі Кәкен Камзин.

Бұрынғы жеңге мен қазіргі жеңгенің арасында атан түйедей айырмашылық бар секілді. Құндылықтардың қатқабат ауысып, уақыттың алға жылжығаны жеңгенің де беделін төменшіктетіп жібергендей. Отбасындағы сүйкімді де сыйлы адам, әзіл-қалжыны жарасқан сол жеңгелер қазір неге жоқ?



ЖЕҢГЕ НЕГЕ ЖОҒАЛДЫ?

Жүздеген жылдан бері жалғасып, үзілмей келе жатқан осы бір туыстық, мейірбандыққа селкеу түскендей. Кезінде ата-апаларымыз шарапатын көрген, пейілі күндей нұрлы жеңгелер қазір қайда кетті?

Кәкен Камзиннің айтуынша, мұның себебі, бүгінгі жастардың ой-танымына байланысты екен. «Біріншіден, қазіргі жастардың көбі – «данышпан». Екіншіден, салт-дәстүріміз күн санап семіп барады. Дулат Исабеков ағамыз бұрын «Әпке» деген пьеса жазды. Сондай бір мықты жазушымыз «Жеңге» деген пьеса жазса, керемет болар еді. Неге десеніз, бұрынғы қазақ қоғамында жеңгенің рөлі, статусы бөлекше еді. Жігіт қызбен танысу үшін алдымен жеңгесі арқылы қыздың аламын деп сұрау еді. Қалмады баста бөрік, белде белбеу, Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай деген ән осыдан шыққан. Ғасырлар бойы қалыптасқан әдемі қалып бар еді. Қазір соның бәрі бүлінді. Бұрынғы жеңгелер қазақы тәрбиеленген, жөн-жоралғыны жақсы білетін. Салт-дәстүрді пір тұтып, еш уақытта

дәстүрге қарсы келмейтін. Қазір заман басқа, заң басқа деп, осының бәрін ысырып тастадық. Жақсы жеңгелер жоқ демеймін, бар шығар, бірақ аз» дейді Кәкен Камзин.

Салт-дәстүр дегеннен шығады, бұрындары қыз көрсетіп, көрімдік сұрауда да жеңгенің айрықша рөлі бар еді. Ұзатылғалы жатқан қызды екі жеңгесі болашақ құдақұдағиға көрсетіп: «Болашақ келінінің міне, көрімдік беріңіз», – деп қолқалайтын. Қызды болашақ ата-енесі мен қайын жұртына «көрімдікті» сылтауратып жүздестірудің де тәлім-тәрбиелік мәні болды. Осы арқылы болашақ келіннің көңілуі орнықтырды. Қыз болашақ ата-енелері мен қайын жұртын көріп, ой түйетін, өзін келін болуға даярлайтын. Жеңгелері қайын сіңлілерінің барған жерінде тату-тәтті өмір сүруіне тілекші болып, түрлі әзіл-қалжыңмен жанын сергітіп, көңілін жайландыратын. Қыз бен жеңгесі еш бүкпесіз сырласатын. Ал сырласудың бойжеткен өмірінде маңызы ерекше. Себебі, қыздар жүрек түкпірінде жасырған сырымен

бөлісіп, білме-генін жеңгелерінен қысылмай сұрайтын. Сөйтіп, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды біліп өскен қыз бала кейінгі өмірінде мың сан қателікке бой алдырмайтын. Сонда бүгін не өзгерді? Заман ба, адам ба? Бұл жайлы бүгінгі буынның жеңгесінен сұрап көрдік.

– Жеңгеме сыр ақтарып көрген емеспін. Жас арамыз алшақ та емес. Бәлкім, айтқан сырым ертесі өзгелердің талқысында жүретінінен қауіптенген болармын. Бәлкім, жеңгем мені жақын тартып, мейірім құшағын жаймаған болар. Жалғыз жеңгемнің сырлас құрбыма, үлгі тұтар адамыма айналғанын қаладым. Бірақ жеңгем ағам мен балаларына ғана көңіл бөлді. Содан болар, біз үшін ағамыздың бақытты болғаны маңызды болды.

Рас, өмір болғасын, әпкеңе де айта алмай қысылатын сырын, құрбыларына сенімсіздік танытатын, ананды да уайымдатқын келмей, бүгіп қалатын кездерін болады. Сондайда жанашыр жеңгеннің болғаны қандай жақсы?

Бүгінде өзім де бір отбасының келінімін. Қайынмын жеңгесім. Үйге келгенде күліп қарсы алып, дастарқанымды жайып, ашылып әңгімелесіп, шығарып саламын. Жұбайым «Әркім өз мәселесін өзі шешуі керек, жеке өміріне араласа берме» деп шектеп қояды. Өзім де қайныма жақсы жар тауып беріп, өміріне араласқым келмейді. Себебі, қазіргі жастардың танымы мүлдем басқа. Содан болар «Болашақта шаңырағы шайқалып кетіп жатса, менен көріп жүре ме» деген ой тұрады», – дейді отыздың ауылындағы Бегайым.

Өкінішке қарай, орта жастағылардың біразы дәл Бегайым секілді ойлайды екен. Бұл ненің көрінісі? Басынан талай нәубетті өткізген қазақ ендігі жерде титтей құндылығының өзі бүкіл ғұмырға татитын «Жеңге» ұғымын жоғалтып бара жатқаны ма? Отбасылық мәселелерде менмін деген ғылыми институттар бере алмаған білімді «жеңгелер институты» беруші еді. Қазір сол жеңгелер институтының жұрнағы да қалмағаны ма?

Қыз көркімен қоса, тәрбиелі,

білімді болса, ерін шыңға шығарады. Атына лайық жақсы жеңге болып, қайын сіңлісінің текті әулеттің келіні болуына сеп болса, ері де риза болмай ма? Бегайым секілді «Басым бәлеге қалмасын» деп емес, керісінше қайнысы мен қайын сіңлісінің болашағына бір кісідей аландаса, ата-енесі ғана емес, өзінің әкешесі де қуанып қалмай ма? Ең бастысы, келін болып түскен әулетте бақ-дәулеті артып, сый-құрметке бөленіп, өзі де бақытқа кенелмей ме?

Кім біледі, егер бүгінгінің жеңгелері де бұрынғылар секілді өздерінің осындай қызметтерін лайықты атқарғанда бүгінгідей шайқалған шаңырақтар, ажырасқан жұптар, көкек аналар, көзі мөлтілдеген жетім балалар болмас па еді?

Қоғамның дертіне айналған осы бір жағымсыз, қасиетсіз қасіреттердің бастауында салт-дәстүрге селкес қарау жатқан секілді. Дәстүріміз біздің қазығымыз болатын. Қазығымызды жұлып алып еді, береке-несібіміз кеміп, отбасылар ойран болды. Мұның бәрі де – бүгінгі күннің ащы зары. Мәселенің бәрі бір жеңгеге байланып тұрмағаны да белгілі. Бұған бәріміз де кінәліміз. Жастарға үлгі-өнеге көрсетер, жөнге салар аузы дуалы ақсақалдар жоқ. Ақсақалдар бар болса да, құлақ қойып ақыл тыңдайын, адам болайын деп тұрған жастардың да қарасы аз. Жезде мен жеңгенің жағдайы мынау. Әке-шеше де ұл-қызына қандай тәрбие, қандай өнеге беру керектігін білмей дал. Міне, осының бәрі жиналып алдымен кіші мемлекет – отбасыны, бірте бірте үлкен мемлекеттің өзінің алқымынан алып тұр. Жағдай осылай жалғаса берсе, болашақ туралы ойлаудың өзі қорқынышты.

Жанерке АХМЕТ

